

Тауарлардың кедендік құнын бақылау кезінде пайдаланылатын бағалық ақпаратты қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 414 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 сәуірде № 22669 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 452-бабы 5-тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Тауарлардың кедендік құнын бақылау кезінде пайдаланылатын баға ақпаратын қалыптастыру әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2021 жылғы 29 сәуірдегі
№ 414 Бұйрыққа
қосымша

Тауарлардың кедендік құнын бақылау кезінде пайдаланылатын бағалық ақпаратты қалыптастыру әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарлардың кедендік құнын бақылау кезінде пайдаланылатын бағалық ақпаратты қалыптастыру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) тауарларға арналған

декларациялардың электронды көшірмелерінің деректер базасын пайдалана отырып бағалық ақпаратты қалыптастырудың тәртібін айқындау және әкелінетін тауарлардың кедендей құнын бақылауды жүзеге асыру кезінде оны аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының қолдануы мақсатында өзірленді.

2. Бағалық ақпарат кедендей төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомасының мөлшерін есептеу кезінде, сондай-ақ тауарлардың кедендей құнын түзету кезінде пайдаланылады.

3. Бағалық ақпарат құпия ақпарат болып табылмайды және тәуекел индикаторларының жаңартылуына қарай айына 1 (бір) рет Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми сайтында жарияланады.

2-тaraу. Тауарлардың кедендей құнын бақылау кезінде пайдаланылатын бағалық ақпаратты қалыптастыру тәртібі

4. Бағалық ақпарат Қазақстан Республикасының тауарларға арналған декларация (бұдан әрі – ТД) электронды көшірмелерінің деректер базасын және Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттер арасында ақпарат алмасу шеңберінде жолданатын ТД электрондық көшірмелерінің деректер базасын талдау негізінде қалыптастырылады.

5. Бағалық ақпаратты қалыптастыру кезінде мынадай мәліметтер:

1) ішкі тұтыну үшін шығару кедендей рәсімі;

2) Еуразиялық экономикалық одақтық Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭК ТН) сәйкес тауардың он таңбалы коды;

3) шығарылған елі;

4) тауарды әкелу көлемі;

5) тауарды әкелу күні;

6) тәуекел тауарларды іріктеу индикаторы ретінде пайдаланылатын 1 (бір) килограмм немесе 1 (бір) қосымша бірлігі үшін Америка Құрама Штаты (бұдан әрі – АҚШ) долларындағы тауарлардың кедендей құнының мәні (бұдан әрі – тәуекелдің құндық индикаторы);

7) кедендей құнды айқындау әдісі – "Қазақстан Республикасындағы кедендей реттеу туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 66-бабына сәйкес әкелінетін тауарлармен жасалған мәміле құны бойынша әдіс (1-әдіс);

8) моделі, маркасы (болған кезде);

9) тауар белгісі (болған кезде);

10) маусымдылығы (ЕАЭО СЭК ТН 07 (көкөністер) – 08 (жемістер) тауар топтары бойынша);

11) шекара дағы көлік түрі пайдаланылады.

6. Қалыптастырылған бағалық ақпарат:

1) ЕАЭО СЭК ТН сәйкес тауардың он таңбалы кодын;

- 2) шығарылған елін;
- 3) тауардың сипаттамасын;
- 4) 1 (бір) килограмм немесе 1 (бір) қосымша бірлігі үшін Америка Құрама Штаты (бұдан әрі – АҚШ) долларындағы тауардың кедендей құнының мәнін (бұдан әрі – кедендей құн индексі);
- 5) ақпарат көзін қамтиды.

Қалыптастырылған бағалық ақпарат ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында ақпарат алмасу шенберінде жолданатын ТД электрондық көшірмелерінің деректер базасынан алынатын мәліметтерді көрсетпейді.

7. Тауарлардың кедендей құнын бақылау кезінде пайдаланылатын бағалық ақпаратты қалыптастыру үшін ТД электрондық көшірмелерінің деректер базасынан бағалық ақпаратты қалыптастырыған құнге дейінгі 12 (он екі) айдан ерте емес кезеңде әкелінген ТД таңдалады.

Алынған массивтен ЕАЭО СЭҚ ТН кодтары және олар бойынша тәуекелдің құндық индикаторлары белгіленген шығарылған елдер бөлігіндегі ТД таңдалады.

8. Егер массив ЕАЭО СЭҚ ТН кодтары және шығарылған елдері бөлігінде бірнеше мәмілелер турали мәліметтерді қамтыған жағдайда, тәуекелдің құндық индикаторының мәнінен 20 % аспайтын кедендей құн индексінің ең төменгі мәні бар мәмілелер іріктеледі.